

Қазақстан Республикасында мемлекеттік экологиялық сараптама қаражатынан ақы төлеу және оны пайдалану тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 29 маусым N 549. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.04.01. N 280 қаулысымен. ~P980280

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:
Қазақстан Республикасында Мемлекеттік экологиялық сараптама қаражатынан ақы төлеу мен оны пайдаланудың қоса беріліп отырған тәртібі бекітілсін және ол 1993 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 29 маусымдағы
N 549 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасында мемлекеттік
экологиялық сараптаманың қаражатынан
ақы төлеу және оны пайдалану
Тәртібі
Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы қазанның 25-індегі N 637 қаулысымен бекітілген Қазақ КСР-індегі мемлекеттік экологиялық сарапшылық туралы Ережеге (ҚазКСР ҚЖ, 1991 ж., N 24, 177-бап) және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 20 сәуірдегі N 345 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі туралы Ережеге (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ 1992 ж., N 16, 225-бап) сәйкес әзірленді.

2. Тәртіп өкілетті органдардың мемлекеттік экологиялық сараптама

жүргізгені үшін ақы төлеу шарттары мен мөлшерін белгілейді, сондай-ақ өзге ұйымдардың оларға тиісті өкілеттік органдар тарапынан мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру жөніндегі функцияларды табыстаған жағдайда төлем ақы алуына құқық береді.

3. Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу үшін ақы төлеу ғылыми, әдістемелік және материалдық базаны дамыту мен жетілдіру есебінен оны жоғары ғылыми-техникалық деңгейде жүзеге асыру үшін жағдайлар туғызу, қабылданатын шешімдердің мүдделі жақтар көзқарасынан тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында енгізіледі.

4. Міндеттері мен функцияларына қарай мемлекеттік экологиялық сараптаманың мәртебесі мемлекеттік экологиялық сараптауға ақы төлеу кезінде осы Тәртіппен көзделгеннен басқа жағдайларда, мемлекеттік экологиялық сараптау органдарының тапсырыс берушілермен және (немесе) жоспарлау алдындағы, жобалау алдындағы, жобалау және өзге де құжаттамаларды әзірлеушілермен, сондай-ақ мүдделі ұйымдармен тікелей шаруашылық-шарттық өзара қатынастарды болғызбайды.

5. Мемлекеттік экологиялық сараптамаға ақы төлеу есебіне түсетін қаражатты жоспарлау, есепке алу және пайдалану жөнінде есеп беру Экобиоресурсмині бекіткен Ережеге сәйкес жүргізіледі.

Мемлекеттік экологиялық сараптамаға ақы төлеу тәртібі

6. Мемлекеттік экологиялық сараптама, әдетте, екі кезеңге - сараптама алдындағы (әзірлік кезеңі) және, сараптама жүргізу кезеңіне бөлінеді.

7. Қазақстан Республикасы Экобиоресурсмині органдарының қарауына жататын жобалардың, құжаттамалар мен материалдардың мемлекеттік экологиялық сараптамасына ақы төлеуді оларды әзірлеуге тапсырыс беруші жұмыстың кезеңділігіне қарай мынадай тәртіппен жүргізеді:

тапсырыс беруші (бастамашы) мемлекеттік экологиялық сараптамаға құжаттама немесе материалдар ұсынумен бір мезгілде сараптама алдындағы шаралар үшін сараптама жұмыстары құнының 20 проценті мөлшерінде Экобиоресурсстарминінің арнайы шотына аударылғаны туралы экологиялық сараптама органдарына хабарлайды;

егер сараптама алдындағы шаралар өткізілгеннен кейін сараптама жұмыстарының қалған құны төленіп, Экобиоресурсмині органдарына қаражат аударылғаны туралы қаржылық құжаттардың көшірмелері түсірілгеннен кейін құжаттама (материал) мемлекеттік экологиялық сараптама қабылданған болып с а н а л а д ы .

8. Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге ақы төлеу мөлшері оны

ұйымдастыру мен жүзеге асыруға жұмсалатын шығындарға, сондай-ақ қажетті қосымша болжамдық есептеулерге, ғылыми немесе сараптамамен байланысты өзге де зерттеу жұмыстарын қаржыландыруға кететін шығындарға қарай белгіленеді.

9. Мемлекеттік экологиялық сараптамаға ақы төлеу мөлшерінің дұрыс белгіленуіне және оны төлеу мерзімдеріне бақылау жасауды Экобиоресурстармині органдарының экология жөніндегі бас мемлекеттік сарапшылары жүзеге асырады.

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу құнын белгілеу

10. Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 25 қазандағы N 637 қаулысымен белгіленген тізбеге сәйкес (Қазақ КСР ҚЖ, 1991 ж., N 24, 177-бап) құжаттар мен материалдарды мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізу құны (К) сараптамаға тапсырыс беруші (инициатор) төмендегідей формуламен анықтайды;

$$Қ = Т \times K1 \times K2 \times K3 \times K4 \times K5 + Э, \text{ мұнда:}$$

Т - объектілер үшін құжаттаманы, болмаса жобалау-ізденіс жұмыстарын (ЖІЖ) әзірлеу құнына байланысты есептелетін тұрақты шама (мыңдаған сом) және төмендегілерді құрайды:

Сарапқа түсетін құжаттаманы әзірлеу құны 10000 санға дейінгі сом құрағанда - жалпы сомасының 10 проценті;

10 мың сомнан 1 млн. сомға дейін - келесі әрбір 50 мың сом үшін қосымша 500 сом;

1 млн. сомнан 51 млн. сомға дейін - келесі әрбір 1 млн. сом үшін қосымша 1000 сом;

52 млн. сомнан 501 млн. сомға дейін - келесі әрбір 1 млн. сом үшін қосымша 1500 сом;

501 млн. сомнан жоғары - сарапталатын құжатты әзірлеудің жалпы құнының 0,15 проценті.

Аралық бағалық мәліметтері бар құжаттар үшін Р шамасын интерполяция белгілейді, бағалық мәліметтері жоқ құжаттар үшін бұл шама Қазақстан Республикасында белгіленген ең төменгі жалақының бес еселенген мөлшеріне тең.

K1 - құжаттың түрі мен сатылылығына арналған түзетулік коэффициент, жобалаудың түрлі деңгейі, құжаттаманың жинақылығы, оның орнымен жұмсалатыны мен есеп айырысатын бастапқы деректердің толықтылығы барысында сараптаманы ұйымдастырудың күрделілігіне

байланысты оның санатын басшылыққа ала отырып, 1 кесте бойынша белгіленеді.

1-кесте

-----!-----				
Сараптаманың санаты, жобалау сатысы мен құжаттаманың түрі	!	Құжаттаманы ұсынардағы К1	!	коэффициенті
	!-----!-----!-----			
	!	алғаш	!	екінші
	!	рет	!	рет
	!	рет	!	болғанда
-----!-----!-----!-----				
1	!	2	!	3
	!	4	!	
-----!-----!-----!-----				

I санат

Жаңа техника, технологиялар, материалдар мен заттар, оның ішінде шетелдерден түсетіндерін жасау жөніндегі құжаттама. Мемлекеттік, салалық және аймақтық деңгейдегі жобалау алдындағы, жоспарлау алдындағы құжаттама, оның ішінде, өндіргіш күштерді орналастыру тұжырымдамалары, негізгі бағыттары, бағдарламалары, дамудың перспективалық болжамдары, аумақтық және салалық схемалары, сондай-ақ аймақтар мен облыстар табиғатын қорғаудың аумақтық кешенді схемалары, аумақтардың, сондай-ақ жұмыс істейтін кәсіпорындардың экологиялық жағдайына баға берудің басқа материалдары мен құжаттамасы

3,0 1,2 0,7

II санат

Техникалық-экономикалық тұрғыдан негіздеу және жалпы мемлекеттік маңызы бар немесе мемлекетаралық мүдделерге қатысты жобалар, қалалар мен елді мекендердің, жекелеген табиғи орталардың (ресурстардың)

табиғатын қорғаудың кешенді схемалары,
аудандық жоспарлау схемалары мен
жобалары, қалалардың бас жоспарлары 2,5 1,1 0,6

III санат

Өндірістік аудандар мен өндірістік
тораптардың жобалары мен схемалары,
қалалар мен елді мекендердегі тұрғын
үй аудандарын егжей-тегжейлі жобалары.
Шаруашылық және өзге де қызметтің
тәртібін белгілейтін ғылыми-зерттеу
және тәжірибелік-конструкторлық
құжаттама, нормативтік-техникалық
және нұсқаулық-әдістемелік
материалдар 2,0 1,0 0,5

IV санат

Екі және үш сатылы жобалау барысында
объектілер мен кешендердің құрылысын
(қайта жаңғыртылуын), кеңейтілуін,
техникалық тұрғыдан жаңадан
жабдықталуын және жойылуын
техникалық-экономикалық тұрғыдан
негіздеу (есептеулер) хайуанаттар
мен өсімдіктер әлемін пайдаланудың
негізделген материалдары Төрелік
сараптама 1,5 0,9 0,4

V санат

Объектілер мен кешендер құрылысын
(қайта жаңғыртылуын, кеңейтілуін,
техникалық тұрғыдан жаңадан
жабдықталуын) жүргізудің және жоюдың
жобалары, құрылысқа арналған жұмыстық
құжаттама (бір сатылы жобалау).
Атмосфераға ластағыш зат шығарудың
(ПДВ) және су объектілеріне жуынды
сулар жіберудің (ПДС) шектеулі жол
берілген нормативтерінің жобалары 1,0 1,08 0,3

K2 - жобалау алдындағы және жобалық шешімдерді жүзеге асыру орнындағы экологиялық жағдайды ескеретін коэффициент, 2-кесте бойынша белгіленеді, бірнеше шарттар барысында $K_{21} \times K_{22} \dots \times K_{n2}$ құрылымының көбейтілуі арқылы есептеледі.

2 кесте

-----!-----		
Шаруашылық қызметін жүргізуге		! K2 коэффициенті
белгіленген шарттар	!-----!-----	
	! негізгі ! негізгі	
	! аумақтар ! аумақтарға 100	
	! ! км дейін жақын	
	! ! келетін	
	! ! аумақтар	
	! ! бойынша	
-----!-----!-----		
Экологиялық апат аймағы	1,3	1,15
Төтенше жағдай аймақтары және айрықша қорғалатын аумақтар	1,2	1,12
Әрбір табиғи ортаны ластаудың нормативті басым деңгейі бар аймақтар, қалалар мен елді мекендер (сараптама жасалардың алдындағы жыл)	1,15	-

K3 - объектінің экологиялық қауіпсіздік деңгейін ескеретін коэффициент, объектілердің СН245-71 санитарлық жіктеу нормалары басшылыққа алынып, бес класты жүйе бойынша белгіленеді және I класс үшін - 1,14; II класс үшін - 1,13; III класс үшін - 1,12; IV класс үшін - 1,11; V класс үшін - 1 коэффициенттерін қ ұ р а й д ы .

K4 - объектілердің бірегейлігінің коэффициенті, жекелеген жобалар бойынша құжаттама үшін 1-ге тең, оны қайталағандағысы - 1,1, жобаны эксперименттік әзірлеуде - 1,2, үлгі жобалар жөніндегі құжаттамалар үшін - 1,3, бірегей жобалар үшін - 1,4. Үлгі жобалар

үшін K4 олар алғаш қаралған жағдайда қолданылады.

K5 - белгіленген шаруашылық қызметінің айналадағы ортаға тигізетін ықпалының бағасы (ОВОС) тарауларының жобалау алдындағы

және жобалау құжаттамасындағы әзірлігінің толықтығын ескеретін коэффициент, ұсынылған құжаттар сапасына орай 3-кесте бойынша белгіленеді.

3-кесте

ОВОС бөлімінің орындалу деңгейі		К5 коэффициент
1	2	

ОВОС нормативті талаптарға сәйкес мамандандырылған ұйымдарды тарту және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы толық орындалды 1

ОВОС әдеби және қорлық материалдар негізінде нормативті талаптарда көзделген барлық бөлімдер бойынша арнаулы зерттеулерді орындамай-ақ, бірақ сандық және сапалық сипаттамаларын белгілеу арқылы орындалды 1,5

ОВОС нормативті талаптарда көзделген сипатталған шектеулі мінездемелер деңгейінде барлық бөлімдер бойынша орындалды 1,8

ОВОС бір бөлігінде орындалды, белгілі бір объектінің ықпалына ұшыраған айналадағы ортаның барлық компоненттерін қамти алмайды, осынау ықпалдың бағытын толық есепке ала алмайды 2

Э - шұғыл мерзімде атқарылатын сараптаманы орындауға арналған қосымша құн, тапсырыс берушінің инициативасы және сараптық қызметтің нақты мүмкіндігі жөніндегі шарттық негізде жеке белгіленеді.

11. Сараптаманы жүргізу мезгіліне қарай қолданылып жүрген бағаларға сәйкес сараптық құжаттама жасау құнын шығару мақсатында тапсырыс беруші (инфляциялық шығындар есебін ескере отырып) тиісті индексация енгізе алады.

12. Мемлекеттік экологиялық сараптық органдар объектінің техникалық-экологиялық-экономикалық көрсеткіштерін жақсартатындай

ұсыныстар негізгі құжаттаманы әзірлеу барысында өздері енгізген жағдай, сондай-ақ есепке алынбаған шығындарға жұмсалған қаражат өткізілген еңбек ақының 30 процентінен асып кеткен жағдайда тапсырыс берушіге келісілген есеп бойынша қосымша ақы төлеуді талап етуге құқылы.

13. Шетел фирмалары немесе бірлескен кәсіпорындардың валюталық инвестицияның қатысуымен, бірақ сараптамаға тапсырыс берушінің (инициатордың) келісуімен жасалған құжаттамалардың барлық түрінің мемлекеттік экологиялық сараптамасына ақы жобалық жұмыстардың жалпы көлеміндегі валюталық инвестиция-үлесіне байланыссыз толық немесе ішінара, бірақ сараптық жұмыстар құнының 50 процентінен кем түспейтіндей деңгейде еркін айналымдағы валютамен төленеді.

Мемлекеттік экологиялық сараптама құжаттарын пайдалану

14. Мемлекеттік сараптық органдардың арнаулы есебіне сараптық жұмыстар атқарғаны үшін түсетін қаражаттар мақсатты қаржыландыру көздерін құрайды, олар бас мемлекеттік экологиялық сарапшылар әзірлейтін жоспарларға сәйкес төмендегілер үшін жұмсалады:

мемлекеттік экологиялық сараптама органдарының қосымша штаттық саны қызметкерлерін ұстауға жұмсалатын шығындарды төлеуге;
сарапшылар мен консультанттардың еңбегіне ақы төлеуге және көтермелеуге;

айналадағы ортаға тигізетін ықпалды бағалаудың әдістемелігі мен әдістемесі саласындағы ғылыми зерттеулерді және мемлекеттік экологиялық сараптаманы қаржыландыруға;

сарапшылардың жұмысы үшін техникалық және өзге де құралдар сатып алуға, сараптаманың ақпараттық-әдістемелік және материалдық-жағынан қамтамасыз етуге;

сараптама жүргізуге байланысты түзету және басқа қажетті өлшемдер мен өзге де жұмыстар жүргізуге ақы төлеуге;

15. Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасы Экобиоресурстармині органдарының тиісті нормативті құжаттары белгілеген шарттар бойынша тартылатын штаттан тыс сарапшылардың еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасы аумағында белгіленген ең төменгі жалақы проценттерімен, сараптық жұмыс түрлері мен 4-кестедегі көрсетілген нормативтер бойынша сараптаманың санатын басшылыққа ала отырып белгіленеді.

Е с к е р т у :

1. Қазақстан Республикасының еңбекақыға аймақтық коэффициенттер белгіленген облыстары мен аудандары үшін аталған көрсеткіштер қолданылып жүрген коэффициенттерге сәйкес ұлғайтылып отырылады.

2. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу үшін жоғары білікті мамандарды (іргелес тәуелсіз немесе шет елдер өкілдерін қоса санағанда) тарту талап етілген жағдайда штаттан тыс сарапшылардың еңбегіне ақы төлеу шартты бағалық құн бойынша жүргізілуі мүмкін.

16. Штаттан тыс сарапшылардың жобалық материалдар мен құжаттар сараптамасына тікелей қатысы жоқ консультациялары, қызмет көрсетуі және өзге де қызметі төмендегідей болуы мүмкін:

мемлекеттік экологиялық сараптама қызметін ұйымдастыру жөніндегі қолданылып жүрген нормативті құжаттарды талдауға және сараптаманы ұтымды ету жөніндегі ұсыныстар әзірлеуге қатысу;

экологиялық мониторинг, нормативтік-техникалық, экологиялық, технологиялық, әлеуметтік-құқықтық және өзге мәліметтерді қамтитын ақпараттық деректер жинау жөнінде қызмет көрсету;

тәуелсіз және тиімді мемлекеттік экологиялық сараптаманы орындауды қамтамасыз ету жөніндегі ынтымақтастық мақсатында кәсіби әріптестер і з д е с т і р у ;

объектілер мен аймақтардағы экологиялық-әлеуметтік жағдайдың іс жүзіндегі жай-күйі жөніндегі консультациялар;

өзінің табиғатты ұтымды пайдалану саласындағы прогресшіл ғылыми, әдістемелік, ақпараттық және өзге ұсыныстарды қамтитындай әзірліктерін п а й д а л а н у ғ а ұ с ы н у ;

табиғат қорғау, экономикалық, технологиялық, ғылыми, әлеуметтік және өзге аспектілер бойынша талдаулық шолулар әзірлеу;

алға қойылған экологиялық міндеттерді шешу мақсатында математикалық модельдендіру жөнінде қызмет көрсету;

қабылданған шешімдерді іске асырудың жобалаудың кейінгі талдауына қ а т ы с у ;

жекелеген мәселелер бойынша мемлекеттік экологиялық сараптамаға консультациялық қызмет көрсету;

мемлекеттік экологиялық сараптаманың мүддесі үшін қажетті арнаулы бөлмелерді, есептеу техникасы құралдарын, байланысты, автокөлікті, аспаптарды және өзге техникалық құралдарды жалға беру;

мемлекеттік экологиялық сараптаманың тиімді қызметін қамтамасыз ету жөніндегі өзге қызметтер атқару.

17. Штаттан тыс сарапшылардың консультациялары мен көрсеткен қызметтеріне ақы төлеу қолданылып жүрген тәртіпке сәйкес жеке еңбек келісім шарттары бойынша жүзеге асырылады, оларда мемлекеттік экологиялық сараптама қызметтерінің ұсынылған консультациялар мен көрсетілген қызметтерді (авторлық құқықты қоса санағанда) пайдалануының шарттары да аталып көрсетіледі.

18. Консультацияларға төленетін ақының көлемі консультанттардың материалдарды зерттеуге, ұсыныс-тілектерді әзірлеуге, оларды талқылауға жұмсаған уақытына баға беру (есепке алу) жолымен белгіленеді және уақытты есепке алу табелімен хатталады, табельді сараптамаға жауапты - жұмыстардың осынау түрлерін тапсырыс беруші жүргізеді.

Консультациялар жүргізгені үшін еңбекке сағаттық ақы төлеу консультанттың негізгі жұмыс орны бойынша лауазымды айлық жалақысының 2 проценті көлемінде, ал жұмыс істемейтін консультанттар үшін Қазақстан Республикасында белгіленген ең төменгі жалақының 4 проценті көлемінде белгіленеді.

19. Сырттан қатыстырылатын штаттан тыс сарапшылардың іссапар шығынын өтеу қолданылып жүрген заңда белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

20. Сараптама және өзге қызмет үшін қатыстырылатын заңды ұйымдардың еңбегіне ақы төлеу шартты негізде жүргізіледі және жасалатын құжаттаманың немесе материалдардың мемлекеттік экологиялық сараптамасының жалпы құнының 2-ден 30-ға дейінгі процентін құрауға тиіс.

21. Мемлекеттік экологиялық сараптама мен штаттан тыс (заңды ұйымдар мен жеке адамдар) арасында іс жүзінде орындалған жұмыс үшін түпкілікті соманы төлеу жөнінде туындаған заңдар белгіленген тәртіп бойынша қаралуы мүмкін.

22. Мемлекеттік экологиялық сараптама органдары жанынан құрылатын тұрақты немесе уақытша Кеңестерге Қазақстан Республикасы Экобиоресурстармині жүйесінде жұмыс істемейтін мамандар қатыса алады.

Мемлекеттік экологиялық сараптама Кеңестерінің негізгі жұмыс орны Қазақстан Республикасы Экобиоресурстармині жүйесіндегі жұмыспен қатысы жоқ мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу қызмет түріне қарай жүргізіледі және Қазақстан Республикасында белгіленген ең төменгі жалақының проценттерінде 5 - кесте бойынша белгіленеді.

(5 к е с т е)

Е с к е р т у :

2 және 3-тармақтар бойынша ақы төлеу штаттан тыс сарапшы ретіндегі жұмысы үшін төленетін ақыға байланыссыз жүргізіледі.

23. Мемлекеттік экологиялық сараптама қаражаттарын қосымша штат санын ұстауға, материалдық-техникалық базаны дамытуға, ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыстар жүргізуге, экологиялық сараптаманың 22-тармақта белгіленген басқа да маңызды міндеттерін шешуге жұмсау белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК